



БҮЙРЫҚ

2015 жылғы № 250

Астана қаласы

ПРИКАЗ

город Астана

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызудың критерийлерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
Нормативтік мүмкіндік екілігінде тұрған
департаменті

Нормативтік мүмкіндік акті 2015 жылғы
«16» қыркүйек айындағы Нормативтік мүмкіндік
көзделеші мемлекеттік тіркесудің тәжірибелі
№ 10738 болын енгізілді

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 464-бабының З-тармағына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызудың критерийлері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д. Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі



Б. Сұлтанов

007637

Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2015 жылғы «31» наурыз
 № 250 бұйрығына қосымша

**Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін
 тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызудың
 критерийлерін бекіту туралы**

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарлардың сипаттамасы мен санына, сондай-ақ тауарларды өткізу жиілігіне байланысты, жеке пайдалануға арналған тауарларға, егер:

1) мұндай тауарлар:

шикізат;

тауарларды өндіру үшін арналған, жартылай фабрикаттар;

жиынтықтаушы бұйымдар болып табылса;

2) олардың саны мынадай көрсеткіштерден асса:

киім және киім заттары – бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат;

төсек-орын керек-жарақтары – бір адамға бір түрдегі 2 (екі) жиынтық;

кілемдер және басқа еденге жаятын тоқымалар – бір адамға бір атаудағы 2 (екі) зат;

бас киімдер – бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат;

аяқ киім – бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 2 (екі) зат;

ан терісінен жасалған бұйымдар - бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 1 (бір) зат;

былғарыдан жасалған бұйымдар - бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 1 (бір) зат;

дәретханалық керек-жарақтар мен парфюмериялық-косметикалық бұйымдар - бір адамға бір атаудағы 3 (үш) зат;

тамак өнімдері – бір адамға 10 (он) килограмм;

ұялы телефон – бір адамға 2 (екі) бірлік;

планшет – бір адамға 2 (екі) бірлік;

портативті тасымалданатын компьютерлер және олардың керек-жарақтары (ноутбук, нэтбук) – бір адамға 2 (екі) бірлік;

тұрмыстық техника және электр аспаптары – бір адамға әр атаудағы 1 (бір) зат;

зергерлік бұйымдар – бір адамға 5 (бес) зат;

велосипед – бір адамға 1 (бір) дана;

бала арбасы – бір адамға 1 (бір) дана;

жеке пайдалануға арналған жоғарыда аталмаған басқа да заттар - бір адамға әрбір атаудағы 2 (екі) зат;

3) кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғаның және өту (немесе) оның тауарларды өткізу жиілігі айына 1 (бір) реттен аспайды.

2. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған көлік құралдары, егер олардың саны жылына 1 (бір) бірліктен асса кәсіпкерлік қызмет мақсатына арналған деп қарастырылады.

3. Көрсеткіштер бұрын пайдалануда болған тауарларға (жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын қоспағанда) қатысты қолданылмайды.

